



Автор: Шаримова Зульфия Ускенбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғат физикасы

Тақырып: Адамның өміріне климаттың әсері қандай?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.2.1 – адамзат дамуына климаттың әсерін талдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Климаттың адамзат дамуына әсері туралы, өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекеттерін анықтайды. Көптеген оқушылар: өздерінің жауаптарын нақтылау үшін өмірден мысалдар келтіреді; оқулықта берілген ақпараттарды қолданады. Кейбір оқушылар: Адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты мамандануын түсінеді. Зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи апаттардың туындауы ықтималдығын болжайды. Өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды. Нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Оқушылар: • зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
Күтілетін нәтиже:	зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
Бағалау критерийлері:	зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Оқушылар табиғи құбылыстар, ауа-райы элементтері, ауа-райының болжамы, климат, климаттың адамның іс-әрекеттеріне әсері, табиғаттағы қауіп-қатерлер туралы 2-сыныпта «Бізді қоршаған әлем» тарауында, 3-сыныпта «Жанды табиғат» тарауында оқып танысқан. Оқушылар ауа-райының қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды, табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлауды біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	(Ұ) «Сиқырлы қапшық» Қапшыққа салынған саны бірдей қызыл, сары, жасыл шариктер таңдап алуды ұсынамын. Осы түстер бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мергендер» (қызыл түсті) 2-топ: «Ептілер» (сары түсті) 3-топ: «Жүйріктер» (жасыл түсті) Шаттық шеңбері Дене мүшелерімен амандасу (көзбен, қол алысып, құлақпен, аяқпен амандасу)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Адамның өміріне климаттың әсері қандай? «Климат» гректің «клима» – көлбеу деген сөзінен шыққан. Климат күн сәулесінің Жер бетіне көлбеу түсуіне байланысты қалыптасады. Көлбеу түсетін сәулелерге қарағандатік түсетін сәулелер ыстығырақ болады. Олар ауаны қыздыру арқылы Жер бетін жылдамырақ жылытады. Экваторға жақындаған сайын күнсәулесінің жер бетіне түсу бұрышы да ұлғаятындықтан ауа температурасыда жоғарылай береді. Климат адамның сыртқы түріне ғана емес, оның кәсібіне, баспанасы мен өмір салтына да әсер етеді.Адамзаттың тарихынан мысалдар қарастырайық. Жер бетінде алғашқы адамдар пайда болғанда климат жылы болған. Адамдар саналуан жеміс-жидектер өсетін ағаштардың ортасында тіршілік еткен. Жан-жануарлар да көп болған. Адамға жылы киім мен баспана қажет болмаған. Алайда шамамен жүз мың жыл бұрын мұз басу дәуірі басталған. Солтүстіктен жылжыған алып мұз қабаты бүкіл жер бетін жапқан. Міне осы кезеңде адам баласы жан сақтаудың қамын жасаған.Шамамен 13 мың жылдай уақыт бұрын алып мұз қабаты еріген. Соған қарай адам баласы да табиғи ортадағы өзгерістерге бейімделіп өмір сүре бастады. Осыдан шамамен үш мың жылдай уақыт бұрын Ұлы Далада климат өзгеріп, құрғақшылық орнаған. Жауын-шашын азайып, күн ысыған. Бүгінде климаттың адамға тигізетін ықпалы ерте кездердегідей аса күшті емес. Дегенмен қазірдің өзінде адамның өмірі көп жағдайда ауа райы мен климатқа тәуелді. Дескрипторы: • зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды. (Ұ)(Қ)«Сауалнама» құрастыр. Оқушылар сауалнама сұрақтарын құрастырады.Бір –бірінен сауалнама алады. (Г)Кері байланыс. «Шеңбердегі доп» Оқушылар дөңгелене отырып, бір-біріне доп лақтырады. Доп қолына тиген бала сабақ жайлы бір сөз айтады</p>	
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. «Мен де үйрендім!» стратегиясы. Осы сабақта нені үйрендік? Кім нені үйренгенін айтып шықсын. Егер басқа балалар да соны үйренген болса, «Мен де үйрендім» деп айтып отырсын. Жұмыстарыңа баға беріңдер. Көпшілігі жұлдызшаны таңдапты! Осы кішкентай жұлдыз сендерге тарих әлемінде жол көрсететін жарық жұлдыз болсын! Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Ұстазға хат» кері байланыс.</p>	
Рефлексия	«Ұстазға хат» кері байланыс.	